

## АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

### БЖЗК салымшыларының 2023 жылдың 9 айындағы таза инвестициялық кірісі – шамамен 1,4 триллион теңге

2023 жылдың 9 айында БЖЗК салымшыларының шоттарына есептелген таза инвестиациялық кіріс шамамен **1,4 трлн теңге** болды. Бұл өткен жылдың сәйкес кезеңіндегі көрсеткіштен 652,8 млрд теңгеге немесе 91,1% артық.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (ҚРҰБ) басқаруындағы БЖЗК зейнетақы активтері бойынша кірістілік жыл басынан бері 01.10.2023ж. жағдай бойынша сәйкес кезеңдегі инфляциядан (7,2%) асып түсіп, 8,89% жетті.

Инвестициялық кіріс бағалы қағаздар (салымдар және басқа операциялар) бойынша сыйақы түріндегі кірістерден, қаржы құралдарын нарықтық және валюталық қайта бағалаудан, сыртқы басқарудағы активтер бойынша кірістерден және т. б. жинақталады. ҚРҰБ және инвестициялық портфельді басқарушылар (ИПБ) зейнетақы активтерін инвестициялық кіріс алу мақсатында ҚР және шетелдегі экономиканың түрлі секторларының сенімді қаржы құралдарына түрлі валюталарда орналастырады. Инвестициялық портфельді әртараптандыру (инвестициялау құралдары мен нарықтарының алуан түрлілігі) зейнетақы жинақтарының сақталуын және тұрақты табыстылығын қамтамасыз етеді.

1998 жылы жинақтаушы зейнетақы жүйесі құрылған сәттен бастап 2023 жылғы 1 қазандағы инвестициялық кірістілік бүкіл кезеңдегі инфляция 734,08% болғанда, өспелі қорытындымен 806,3% көрсетті.

2014 жылғы 1 сәуірден (зейнетақы активтерін БЖЗК-ға біріктіру аяқталған кезеңнен) бастап алынған таза инвестициялық кіріс 2023 жылғы 1 қазанға шамамен 8,3 трлн теңгені құрады. Жузеге асырылған төлемдерді ескеретін болсақ, оның зейнетақы жинақтарының жалпы көлеміндегі үлесі – 37,7%.

Естеріңізге сала кетейік, Қазақстанда инфляция деңгейін ескере отырып, міндетті зейнетақы жарналарының сақталуына мемлекет тарапынан берілетін бірегей кепілдік бар. Төлем құқығы басталған кезде салымшының жинақталған кірістілігіне әсер өткен жекелеген кезеңдегі кірістіліктің төмендеуі үшін айырманың өтелуіне де мемлекет кепілдік береді.

Зейнетақы активтерін инвестициялық басқару мен есепке алуың барлық жүйесі ашық: әрбір салымшы [enpf.kz](http://enpf.kz) сайтындағы Жеке кабинетінде немесе ұялы қосымшада өзінің инвестициялық кірісін көре алады.

БЖЗК зейнетақы активтерін инвестициялық басқару және БЖЗК зейнетақы активтері орналастырылған қаржы құралдары туралы ақпарат Қордың ресми сайтындағы ([www.enpf.kz](http://www.enpf.kz)) "Көрсеткіштер/Инвестициялық қызмет" бөлімінде жарияланады.

БЖЗК 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗК» АҚ негізінде құрылды. БЖЗК құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗК зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жузеге асырады. 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап зейнетақы активтерін басқару тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар жасау қызметі Қазақстан Республикасының Президенті басшылық ететін Ұлттық қорды басқару кеңесіне берілді. Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗК міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, зейнетақы төлемдерін, зейнетақы жинақтары мен төлемдерін жеке есепке алуы жузеге асырады, салымшига (алушыга) зейнетақы жинақтарының жай-куй туралы ақпарат береді ([www.enpf.kz](http://www.enpf.kz) сайтында).